

Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылууды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 2 қараша N 1118

"1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 219 P980219_ қаулысының 17-тармағын орындау үшін, сондай-ақ объектілерін ұстау бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын ұйымдар бойынша мемлекет қаражатын үнемдеу режимін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мыналар:

1) қуат бірлігіне есептегенде электр энергиясының жылдық шығысының

(кВт x сағ) үлес нормалары;

2) қуат бірлігіне есептегенде жылытуға жылу шығысының (Вт) нормалары;

3) қуат бірлігіне есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталу нормалары;

4) қуат бірлігіне есептегенде ыстық және суық су, канализациялық су шығыстарының нормалары;

5) жетілдірілген төсеніштерді және жасыл екпелерді, объектілердің аумағын суаруға арналған су шығыстарының нормалары;

6) ғимараттарды ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі;

ғимараттарды күрделі жөндеу кезінде орындалатын, жұмыстардың тізбесі;

7) ғимараттарды пайдаланудың есептелген мерзімдері бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Қуат бірлігіне есептегенде электр энергиясының жылдық
шығысының (кВт x сағ) үлес нормалары

Рет N	Облыстар (1 оқу- шыға)	Мектеп ясли (1 бала-) ға	Бала- ясли ке)	Аурухана (1 төсек- ке)	Емхана (1 баруға) ғимараты (1 қызмет- керге)	Басқару органдары
1	Ақмола	61,0	330	1243	153	1260
2	Ақтөбе	59,9	324	1220	150	1239
3	Алматы	55,5	300	1130	139	1148
4	Атырау	57,2	309	1164	143	1183
5	Шығыс Қазақстан	59,9	324	1220	150	1239
6	Жамбыл	55,5	300	1130	139	1148
7	Батыс Қазақстан	59,9	324	1220	150	1239

8	Маңғыстау	57,2	309	1164	143	1183	
9	Қарағанды	58,8	318	1198	147	1218	
10	Қызылорда	55,5	300	1130	139	1148	
11	Қостанай	62,7	339	1277	157	1295	
12	Павлодар	59,9	324	1220	150	1239	
13	Солтүстік Қазақстан	62,7	339	1277	157	1295	
14	Оңтүстік Қазақстан	55,5	300	1130	139	1148	

Ескертулер:

1. Электрлендірілген асханасы бар және екі ауысымды режимде жұмыс істейтін 33 жиынтық-сыныпқа арналған жалпы білім беретін мектеп
2. Электрлендірілген тамақ блогы бар және 10 сағаттық жұмыс күніндегі 140 орындық балабақша-ясли
3. Бір жарым ауысымды режимде жұмыс істейтін емхана
4. Электрлендірілген тамақ блогы бар көп бейінді аурухана

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Қуат бірлігіне есептегенде жылытуға жылу шығысының

(Вт) нормалары

Рет N	Үлгілер	Қабат- тылығы	1997 жылдан	Салынған ғимараттар- тар үшін түзету	коэффициенттері	салынған ғимарат- тар үшін	1997 жылға	1983 жылға	N. Вт шығыс	дейін K1	дейін K2	нормалары		
1	Басқару органдарының ғимараттары (400 қызметкерге арналған жобалау ұйымдарының осындай ғимараты ү. ж. 264-26-2)	1	642	2,90	3,20	2	636	2,40	2,70	3	630	2,05	2,20	
						4	627	2,00	2,10	5 және одан көп		1,80	2,10	
2	Балабақша-ясли (140 орындық осындай балабақша-яслиі. Сериясы 1020.1-2с)	1	771	1,66	1,72	2	559	1,66	1,72	3	491	1,54	1,68	
3	Емханалар(ауысымына 150 келушіге арналған осындай селолық емхана ү.ж. 254-4-146)	1	608	1,14	1,24	2	450	1,14	1,24	3	396	1,06	1,14	
						4	369	1,16	1,11	5 және		356	1,09	1,16

		одан				
		көп				
4	Мектептер (33 сыныптық осындай мектеп ү.ж.2220-1-437.85)	1	543	1,77	1,83	
		2	367	1,89	1,98	
		3	309	1,82	2,00	
		4	281	1,90	2,10	
5	Емханалар (150 орындық осындай учаскелік емхана ү.ж. 252-01-154.89)	1	4206	1,94	2,03	
		2	3305	1,97	2,05	
		3	3004	1,74	1,89	
		4	2854	1,71	1,85	
		5 және	2764	1,88	1,77	
		одан				
		көп				

Ескертулер:

1. Шығыс нормалары $1 \text{ ккал/сағ} = 1.16 \text{ Вт}$ есебінен Вт келтірілген.
2. Жылудың жылдық шығысы мына формула бойынша анықталады:

$Q_{\text{ж. бөлу}} = N \times P \times T \times 24 \dots \times (K_1, K_2)$, мұнда:

N - қуат бірлігіне жылу шығысының (Вт) көрсеткіші;

P - қаралып отырған ғимарат қуатының мөлшері;

T - "Құрылыс климатологиясы және геофизика" 2.01.01.-82 СНиЖ-ға сәйкес қаралып отырған климаттық аудан үшін тәуліктен берілген жылыту кезеңінің ұзақтығы

24 - тәуліктегі жылу берілетін сағат саны

K1 немесе K2 - 1983 жылға дейін немесе одан кейін салынған ғимараттар үшін түзету коэффициенті.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Қуат бірлігіне есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың

/ТҚҚ/ жинақталу нормалары

Объекті- нің атауы	Өлшем бірлігі	ТҚҚ жинақталу нормасы			
		50 мыңнан астам тұрғыны бар қалалар үшін	50 мыңнан аз тұрғыны бар қалалар мен басқа елді мекендер үшін	жылдық орташа кг тәуліктік,	жылдық орташа кг тәуліктік,
Мектеп	бір оқушыға	13,2	0,06	12,4	0,056
Бала-бақша -ясли	бір орынға	57,0	0,19	54,0	0,180
Емхана	бір келу- ге	2,6	0,01	2,4	0,009

Аурухана	бір	230,0	0,63	216,0	0,590	
	төсекке					
Басқару	бір	36,2	0,14	33,6	0,130	
органдары-	қызмет-					
ның ғимара-	керге					
ты (әкімшіл						
ік ғимараты)						

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Қуат бірлігіне есептегенде ыстық және суық су, канализациялық

су шығыстарының нормалары

Объектінің	Өлшем	Су шығыны	Канализациялық су
атауы	бірлігі	(жылына м3)	

	жалпы	оның ішінде				
	жылына	м3				
		суық су	ыстық су			
		жылына	жылына			
		м3	м3			
Жалпы білім беретін мектеп /1-ескерту/	бір	4,4	2,6	1,8	4,4	
	оқушыға					
Балабақша-ясли /2-ескерту/	бір					
	балаға	7,9	3,7	4,2	7,9	
Емхана	бір	5,5				
	келуге	3,3	2,2	5,5		
Инфекциялық аурухана	бір төс.	87,7	47,5	40,2	87,7	
	екке					
Басқару органдарының ғимараты, (әкімшілік ғимараттар)	бір	4,9	2,8	2,1	4,9	
	қызмет-керге					

Ескерту:

1. Мектеп-интернаттар үшін шығыстар 3,5 коэффициенті бойынша анықталады.

2. Тәулік бойы жұмыс істейтін балабақша-яслилер үшін шығыстар 1,81 коэффициенті бойынша анықталады.

3. Ортақ ваннасы және душтары бар инфекциялық емес ауруханалар үшін тұтыну 0,47 коэффициенті бойынша анықталады, санитарлық торабы бар, палаталарға жақындатылған, инфекциялық емес ауруханалар үшін тұтыну 0,83 коэффициенті бойынша анықталады.

4	Атырау	0,92	2,18	0,55	1,31	0,26	0,62	5,24	12,24	1,15	2,74
5	Шығыс Қазақстан	0,87	2,07	0,52	1,24	0,25	0,59	4,96	11,80	1,09	2,60
6	Жамбыл	1,00	2,32	0,59	1,39	0,28	0,66	5,57	13,27	1,23	2,92
7	Батыс Қазақстан	0,83	1,97	0,50	1,18	0,24	0,56	4,73	11,27	1,04	2,48
8	Маңғыстау	1,01	2,41	0,61	1,45	0,29	0,69	5,80	13,80	1,28	3,04
9	Қарағанды	0,75	1,79	0,45	1,07	0,21	0,51	4,28	10,20	0,94	2,24
10	Қызылорда	0,92	2,18	0,55	1,31	0,26	0,62	5,24	12,47	1,15	2,74
11	Қостанай	0,75	1,79	0,45	1,07	0,21	0,51	4,28	10,20	0,94	2,24
12	Павлодар	0,77	1,83	0,46	1,10	0,22	0,52	4,34	10,47	0,97	2,30
13	Солтүстік Қазақстан	0,92	2,18	0,55	1,31	0,26	0,62	5,24	11,16	1,15	2,74
14	Оңтүстік Қазақстан	1,05	2,50	0,63	1,50	0,30	0,71	5,99	14,27	1,32	3,14

Ескерту:

1. Объектілердің аумақтары "Қала құрылысы. Қалалық және селолық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚН және Пу2.07.01-89 бойынша анықталған.

2. Су шығысы бір суаруға "Ғимараттардың ішкі сі құбыры мен канализациясы" ҚН және Пу2.04.01-85 бойынша анықталған.

3. Тәулігіне суару саны "Сумен жабдықтау. Сыртқы жүйелер және құрылыс" ҚН және Пу2.04.02-84 бойынша анықталған.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Ғимараттарды ағымдағы жөндеу кезінде

орындалатын жұмыстардың тізбесі

Іргетас пен ұйасты жайы

1. Жапсар, жік, жарықтарды бүтіндеу, бітеу, ішінара іргетас қабырғаларының бетін қалпына келтіру.
2. Қабырғаларды қайта қалау арқылы бүлінген тұстарын жөндеу.
3. Ұйасты үй жайларының жекелеген гидроизоляциялық бөліктерін қалпына келтіру.
4. Саңылау, ұя, жылға тесу (бітеу).
5. Іргетасты құрал-жабдықтарға лайықтап нығайту (орнату), (желдеткіш, насос).
6. Қабырғалары әр түрлі материалдардан қаланған үйдің таспалық, бағаналық іргетасының жекелеген учаскелерін ауыстыру.
7. Желдеткіш тесіктер, қуыстар жасау (бітеу).
8. Ұйасты жайының тік жолдарын, кіреберісін жөндеу.
9. Ғимарат бойынша жекелеген арқа бөліктерін ауыстыру.
10. Ұйасты мен еден астындағы техникалық желілерді бекіту.
11. Қабырғаларға бүліну жағдайын бақылайтын маяк орнату.
12. Ұйасты жайларын тазалау және дезинфекциялау.

Қабырғалар

1. Жарықты, жікті бүтіндеу, қабырға қаптауын қалпына келтіру.
2. Құрастырмалы үйдің жапсар элементтерін бекіту және блоктар мен панельдердің ойықтары мен жарықтарын бүтіндеу.
3. Саңылау, ұя, жылға тесу (бітеу).
4. Қаңқаның жекелеген тіреулерін, элементтерін ауыстыру, саңылау қиыстарын бекіту, қымтау, паздар жасау, ағаш қабырғалардың қаптауларын ауыстыру.
5. Жекелеген аралық қабырғаларды, мойындықты, ернеуді қалпына келтіру.
6. Түсіп қалған тастарды қайта қалау.
7. Жекелеген үй-жайлардың тоңазыған қабырға бөліктерін қымтау.
8. Желдеткіш арналар мен сорғы қондырғыларын тазалау және жөндеу.

Жабын

1. Жабынды уақытша бекіту.
2. Ағаш жабындардың жекелеген элементтерін ауыстыру немесе нығайту (арқалық аралық төбе учаскелерін, тақтай жалғауларын, жекелеген арқалықтарды). Төсеніш пен майлауды қалпына келтіру. Ағашты антисептикалық өңдеу және өрт қаупінен сақтау.
3. Жинамалы темірбетон жабын жапсарындағы жікті бітеу.
4. Темір-бетон конструкцияларындағы шұңқыр мен жарықты бітеу.
5. Шатырдағы болат арқалықтардың үстіңгі қабатын қымтау және оларды бояу.
6. Шатыр жабындарын төсеніш арқылы қосымша қымтау.

Шатырлар

1. Жекелеген итарқа ақтарын, таған, таяныш, арқа учаскелерін, көлденең шабак ағаш, мауэрлат және керені ауыстыруды қоса алғанда ағаш итарқа жүйесі элементтерін нығайту.
2. Ағаш конструкцияларды антисептикалық және өрт қаупінен қорғау.
3. Бұзылған болат, асбест-цемент және басқа жақтау жабыны конструкциясына қабысу торабын, құбыр үстіндегі қалқа, күрке, басқа да шатыр арқылы өтетін орындарды, таған, таяныш, т.б. қоса алғанда бөлшек материалдардан (жабынды тұтас ауыстырудан басқа) жасалатын жөндеудің барлық түрлері.

4. Суағар құбырлар мен маңдайдың (қасбеттің) ұсақ жабындық сәулеттік элементтерін нығайту және ауыстыру.
5. Орама төсеніштің кей тұстарын ауыстыру.
6. Кесінді жамылғының жекелеген бөліктерін ауыстыру (қалпына келтіру).
7. Жақтау торын, өрт сатыларын, баспалдақтарды, науаларды, қоршауларды, қалқаларды, электр сымын жерге қосу қондырғыларын, анкерлерді бекіту, ауыстыру, теле-радио антенналарын бекіту т.б.
8. Орама және кесінді төсеніштердің қорғау-өңдеу қабатын салу немесе

қалпына келтіру.

9. Шатырға шығу жолдарын, төбе терезелері мен арнайы люктерді ауыстыру және жөндеу.
10. Шатырды қар, мұздан тазарту.

Терезе және есік толтырғыштар, жарық өткізгіш конструкциялар

1. Жекелеген элементтерді алмастыру, қалпына келтіру, есіктерде, айна және көрмелік толтырғыштарын ішінара (ағаш, темір, т.б.) ауыстыру.
2. Серіппе, тіреуіш, т.б. орнату.
3. Терезе және есік құралдарын алмастыру.
4. Сынған әйнекті, әйнек блоктарын ауыстыру.
5. Терезеде ашпалы көз орнату.

Шымылдық

1. Ағаш шымылдықтардың жекелеген бөліктерін нығайту, күшейту, ауыстыру.
2. Тақта шымылдықтардың жарықтарын бітеу, олардың жекелеген бөліктерін қайта қалау.
3. Шымылдықтардың шу өткізбейтін қасиетін жақсарту (аралас конструкциямен кедергіні күшейту, т.б.).

Саты, балкон, кіреберіс, шатырша, сыртқы есік
аузындағы, жоғарғы қабат балконы үстіндегі қалқа

1. Баспалдақ және алаңқайдың шұңқырларын, жарықтарын бүтіндеу.
2. Жекелеген саты, баспалдақ, табанды ауыстыру.

3. Темір сүйеніштерді, балкон торын, балкон мен лоджия қалқандарын ішінара ауыстыру және нығайту.

4. Ағаш саты элементтерін ауыстыру.

5. Бетон және темір-бетон балкон тақталарының шұңқырлары мен жарықтарын бүтіндеу.

6. Едендердің гидроизоляциясын және балкон тақталарының мырыш

ернеулерін қалпына келтіру, кіреберіс қалқасын, шатыршаларды бітеу, тақтай төсемді қаңылтыр қаптамамен ауыстыру.

7. Кіре берістің жекелеген элементтерін қалпына келтіру немесе ауыстыру, сыртқы есік аузындағы, үй асты есігіндегі және жоғарғы қабат балконының үстіндегі қалқаны қалпына келтіру немесе орнату.

8. Саты және балкон қоршауының тұтқаларын ішінара немесе толықтай ауыстыру.

9. Кіреберіс дәлізін (кіре беріс блогы, тамбур) жыл сайын жөндеу.

Едендер

1. Еден төсенішінің жекелеген бөлігін ауыстыру.

2. Жекелеген санитарлық тораптарындағы төсенішті толық ауыстыру арқылы еден гидроизоляциясын ауыстыру (орнату).

3. Цемент, бетон, асфальт едендер мен еденасты төсеніштерінің шұңқыр, жарықтарын бітеу.

4. Ағаш едендерді мықтау.

Пеш пен ошақ

1. Пеш пен асүй ошақтарының ақауларын жою жөніндегі жұмыстың барлық түрі.

2. Түтін мұржаларының, құдықтың, кемейдің жекелеген тұстарын қайта қалау.

Ішкі әрлеу.

1. Қабырға мен төбенің жекелеген бөліктерінің сылағын қалпына келтіру.

2. Керамикалық және басқа тақталы қабырға бетінің кей тұстарын қалпына келтіру.

3. Жапсырма қуыстар мен розетканы, ернеулерді қалпына келтіру және бекіту.

4. Барлық үй-жайдағы сылау-сырлау жұмыстарының барлық түрі.

Сыртқы өңдеу

1. Қасбетті құм себу арқылы тазалау, жуу, сырлау.

2. Сылақ және тақта қабаттары учаскелерін қалпына келтіру.

3. Қасбеттен құлағалы тұрған сәулеттік бөлшектерді, жылтыр тақталарды жеке кірпіштерді бекіту немесе алып тастау, жапсырма бөлшектерді бекіту.

4. Терезе, есік, балкон қоршауларын, қалқан тор көздерін, суағар құбырларын, іргетас үстін сырлау.

5. Үй белгілері мен көше атауларының белгілерін қалпына келтіру.

Орталық жылу жүйесі

1. Құбыр желілерінің, секциялардың, жылыту құралдарының, ілмекті және реттегіш шегендердің жекелеген бөліктерін ауыстыру.

2. Аспалы кран орнату (қажет болған жағдайда).

3. Құбырларды, құралдарды, кеңейткіш бактарды т.б. қымтау.

4. Қазандықты, үрме арналарының, көмейдің түтіндік мұржа қымтауын қайта қалау (қазандықта).

5. Шойын қазандардың жекелеген секцияларын, арматураны, бақылау-өлшеу құралдарын, желтарқыштарды ауыстыру.

6. Күші шағын насостардың жекелеген электрлік моторларын ауыстыру.

7. Бүлінген жылу изоляциясын қалпына келтіру.

8. Жүйені гидравликалық тексеру және жуу.

9. Жылыту құралдарын және тұтас жылыту жүйесін жуу (құбыр торабы бойынша).

10. Жылыту жүйесін реттеу және іске қосу.

11. Жылытуды есептеу құралдарын реттеу және баптау.

Желдеткіш

1. Желдеткіш қораптарының, шахталарының, бөлмелерінің, жел үрлегіштердің босандарын бекіту және жекелеген тұстарын ауыстыру.

2. Желдеткіштерді, аспалы қақпақтарды және басқа құрал-жабдықтарды ауыстыру.

3. Дефлаторларды, құбыр балағын жөндеу және ауыстыру.

4. Автоматты өрт сөндіргіш, түтін сейілткіш жүйелерді жөндеу және баптау.

Су құбыры және канализация,
ыстық сумен жабдықтау (үй іші қабырғалары)

1. Жалғауларды нығыздау, тесіктерді, бітеу, құбыр желілерін қымтап, бекіту, құбырлардың жекелеген учаскелерін, қалыпты бөліктерді, сифонды басқышты, ревизияларды ауыстыру, құбыр желілерінің бүлінген жылу орамаларын қалпына келтіру, жүйені гидравликалық сынау, бітелген қоқысты жою, аула канализациясын, кәрізді тазалау.

2. Жекелеген су айырғыш шүмектерді, қоспалауыштарды, су бүрікпелерін, ілмек арматураны ауыстыру.

3. Шатыр астындағы су қысымы бактарының арматурасын қымтау және ауыстыру.

4. Аула мен көшені ылғалдандыратын су құбырының кей тұстарын ауыстыру және ұзарту.

5. Ішкі өрт сөндіргіш крандарды ауыстыру.

6. Жекелеген шағын қуатты насостар мен электрлі моторларды жөндеу және ауыстыру.

7. Жекелеген ванна тораптарын немесе су қыздыру құралдарын ауыстыру, түтін шығаратын құдықтарды мықтау және ауыстыру, су қыздыру аспаптарын, ирек түтіктерді қақ, шөгінділерден тазарту.

8. Аула канализациясын, дренажды тазалау.

9. Тоттануға қарсы жабу, таңбалау.

10. Реттеуіш арматураны жөндеу немесе ауыстыру.

11. Су желісі, канализация және жылумен жабдықтау жүйесін жуу.

12. Бақылау-өлшеу құралдарын ауыстыру.

13. Су есептеу құралдарын реттеу және іске қосу.

Электротехникалық және әлсіз тоқты қондырғылар

1. Үйдегі электр жүйесінің бүлінген учаскелерін ауыстыру, сондай-ақ жаңаларын орнату.
2. Стационарлық электр пештерді топтық қуат желілерінің зақымданған бөліктерін ауыстыру.
3. Істен шыққан электр шырағандарды, сондай-ақ қорғауыш оттарды және мерекелік жарқырауықтарды ауыстыру.

4. Сақтандырғыштарды, автоматты сөндіргіштерді, қосып-таратқыш қондырғылардың пакетті ажыратып-қосқыштарын, қалдықтарды, электр пештерін ауыстыру.

5. Фотосөндіргіштерді, уақыт релесі және үйді жарықтандыруды

автоматты немесе қашықтықтан басқарудың басқа да қондырғыларын ауыстыру.

6. Электр двигательдерді және жекелеген техникалық құрылымдардың электр қондырғыларын ауыстыру.

7. Істен шыққан пеш қақпақтарын, ауыстырып қосқыштарды, от шкафтарының қыздырғыштарын және өзге стационарлық электр пештердің ауыспалы элементтерін жаңалау.

8. Есеп құралдарын ауыстыру.

9. Орталық жылыту жүйесі үйішілік желілерінің және сигнализацияның, КИП және т.б. жұмыстарын автоматты бақылау қондырғыларын ауыстыру немесе орнату.

10. Диспетчер үйлеріне техникалық қондырғылар қосу.

11. Орталық жылытудың ішкі жүйелерінің сумен жабдықтау арналары мен металл құбырларын тоттанудан қорғайтын электр қондырғыларын жөндеу.

12. Радио, телефон, телеантенна жүйелерін жөндеу және орнату.

13. Токты жерге жіберу желісін қалпына келтіру.

14. Істен шыққан есептеуіштерді, өрт сөндіру және күзет сигнализациясы желілері мен құрал-жабдықтарын ауыстыру.

Сыртқы көркейту

1. Бүлінген тротуар, көлік жолы, соқпақ, алаңқайларды қалпына келтіру.

2. Жекелеген қоршау және балалардың ойын, спорт алаңдары, ауладағы шаруашылық, қоқыс жәшіктері, жинамалы қоқыс контейнерлеріне арналған орындардың учаскелерін жөндеу, нығайту, ауыстыру.

Басқа жұмыстар

1. Ұйасты жайларын, терезелерді қоршаған металл торларды, төлеге кіре беріс үстіндегі қалқаларды бекіту және орнату.

2. Шатыр астындағы орталық жылыту жүйесі құбырлары, желдету қораптары т.б. арқылы жаңа өткелді қалпына келтіру және орнату.

3. Үй белгілерін, ту тұғырларын бекіту және орнату.

4. Объектіге іргелес аумақта орындықтарды орнату және жөндеу.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы

2 қарашадағы

№ 1118 қаулысымен

бекітілген

Ғимараттарды күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың ТІЗБЕСІ

1. Ғимараттарды зерттеу және жоба-сметалық құжаттарды даярлау (жөндеу жұмыстарының жүргізілу кезеңіне қарамай).

2. Ғимараттың тозған элементтерін қалпына келтіру немесе ауыстыру жөніндегі жөндеу-құрылыс жұмыстары.

3. Жер сілкінісі қаупі басым аудандардағы ғимараттардың беріктігін арттыру.

4. Күрделі жөндеуге тозған барлық конструкциялар мен бөлшектердің ақауларын жою, оларды қалпына келтіру және жөнделетін ғимараттың пайдаланылу көрсеткіштерін жақсартатындай неғұрлым ұзақ мерзімді және тиімді ауыстыру кіреді (

қабырғалар мен қаңқаның тас және бетон іргетасын толық ауыстырудан басқа).

Мұнда ғимараттың немесе объектінің экономикалық тұрғыдан ұтқыр қайта жаңғыртылуы: жоспарлануын жақсарту, қызмет көрсетулердің саны мен сапасын арттыру, жетіспейтін инженерлік құрал-жабдық түрлерімен жарақтандыру, қоршаған аумақты көркейту жүзеге асырылуы мүмкін.

Сейсмикалық жағынан қауіпті аудандарда күрделі жөндеу мен қайта жаңғыртуды орындаумен қатар ғимараттың жер сілкінісіне қарсы элементтерін нығайту шаралары атқарылуы керек.

5. Ғимараттарды жылылау (қоршау конструкцияларының жылу сақтағыш қасиеттерін күшейту жөніндегі жұмыстар)

6. Меншік иесінің балансындағы инженерлік- жүйелерді ауыстыру.

7. Желдетілмейтін біріккен шатырларды желдетілетін етіп қайта орнату.

8. Ғимараттардың күрделі жөнделуі мен қайта жаңғыртылуын авторлық қадағалау.

9. Жобалық-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізу.

10. Мемлекет қарауындағы ескерткіштерге жөндеу-қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу.

11. Ғимараттардағы жапсарлас үй-жайларды жөндеу.

12. Ғимараттар мен құрылыс иесінің күрделі жөндеу мен қайта жаңғырту жұмысын техникалық қадағалау.

Ескертулер:

1. Күрделі жөндеу кезінде б-қосымшаға сәйкес жұмыстар жүргізілуі мүмкін.

2. Ағымдағы жөндеу шығыстары тапсырысшы дайындаған бағалау тізімі бойынша анықталады.

3. Күрделі жөндеу шығыстары белгіленген тәртіп бойынша әзірленіп, бекітілген жоба-сметалық құжаттамалар бойынша анықталады.

Үкіметінің 1998 жылғы
2 қарашадағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Ғимараттарды пайдаланудың есептелген мерзімдері

Ғимараттарды пайдаланудың есептелген мерзімдері есептік қызмет мерзімі Қазақстан Республикасының ҚН.В.3.2-3-98 "Тұрғын үйлер мен коммуналдық және арнайы-мәдени мақсаттағы объектілерде қайта құру, жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен жүргізу" құрылыс нормаларының нұсқауларына сәйкес пайдаланылуы шартымен белгіленген.

Қазіргі нормаларды әзірлеу кезеңінде Қазақстан Республикасы мен

Ресейдің құрылыс жөніндегі қолданып жүрген нормативтік құжаттамада ғимараттарды пайдаланудың есептелген мерзімі туралы мәліметтер жоқ.

Ғимараттарды пайдаланудың есептелген мерзімі төмендегі кестеде, "КСРО халық шаруашылығының негізгі қорларын толық қалпына келтіруге біртұтас амортизациялық бөлу нормалары туралы" КСРО Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 22 қазандағы N 1072 қаулысының негізінде келтірілген.
/шифрі 10000-10006/

Ғимараттар	Пайдаланудың есептелген мерзімі (жыл)	
Биік ғимараттар/25 қабаттан астам, айырықша ірі, қаңқа-монолитті, аса берік іргетасы - бағаналы негіздегі монолитті плита, 250 қабырғалары-тоттануға төзімді, алюминий панель, жабыны-табиғи тас стилобатымен беттелген темір-бетон		

Көп қабатты ғимараттар/ екі қабаттан астам/, темір-бетонды және металл қаңқалы, еден аумағы 5000 шаршы метрден асатын қабырғалары тастан, ірі блоктар мен темір-бетон, металл панельдерден қаланған бір қабатты ғимараттар	100
Барлық мақсаттағы екі қабатты үйлер, ағаш үйлердің барлық түрлерінен басқа, еден аумағы 5000 шаршы метрге дейін, қабырғалары тастан, ірі блоктар мен темірбетон, металл панельдерден қаланған бір қабатты ғимараттар	83
Қабырғалары тас өріммен, темірбетон, кірпіш және ағаш бағанамен, темірбетон, ағаш және басқа жабын түрлерімен қапталған бір қабатты ағаш үйлер, кеспе немесе қырлы бөрене	40
ағаш қабырғалы бір, екі және одан көп қабатты ғимараттар	
Ағаш қаңқалы және қалқанды, контейнерлері, ағаш-металды, қаңқа-қаптамалы және панельді екі қабаттан астам қабатты үйлер, балшықтан, шикізаттан, саманнан, қамыстан қаланған және осыларға ұқсас ғимараттар	20

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК